

Біріншіден, әр халықтың өмірі мен әдет-ғұрып туралы ақпараттандыру принципіне сүйене отырып, адамды өзі өмір сүрген қоғамға байланысты халықаралық қатынастарға бейімдеу.

Екіншіден, ол адамға адалдықты, еңбексүйгіштікті, еңбексүйгіштікті, табандылықты үйрету және бойына жақсы адамгершілік қасиеттерді сіңіру арқылы олар адамның мінез-құлқын өз бетінше игере алады деп сенді.

Үшіншіден, ол жастарға, әсіресе мектеп оқушыларына түсінікті болатын оқиғаларды айтып, баланың ішкі түйсігін жүйелі түрде қалыптастыруға тырысты.

Бір сөзбен айтқанда, Ы.Алтынсариннің өз халқын өнерді зерттеп, машықтануға, надандық пен зұлымдыққа қарсы тұруға, қоғамдық өмірдегі теңсіздікті ашуға, өмір шындығын көрсетуге, жастарды ізгілік пен адамгершілікке тәрбиелеуге шақыруы – бұлар қазіргі қазақ прозасы мен балалар әдебиетінің халықтық аспектілері. алғашқы құрылтайшысы болды. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин біздің жазба әдебиетімізге лайықты тұлға [7].

Әдебиеттер тізімі

1. **Ыбырай Алтынсарин.** Шығармалар жинағы. – Алматы: 1955. – 413 б.
2. **«Ыбырай Алтынсарин мұрасының әлеуметтік, педагогикалық, өнегелі әлеуеті және қазіргі заман».** Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Қостанай, 2011. – 227 б.
3. **Кәкішев Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А, Санат. 1994.
4. **Керімбаев Н.** Жасымда ғылым бар деп ескермедім. А, Рауан. 1995.
5. **Қирабаев С.** Бес ғасыр жырлайды 2-т. А, Жазушы. 1989.
6. **Ламашев Ә.** Ыбырай Алтынсарин. А, Ана тілі. 1991.
7. **Сыздықов Ә. Ы.** Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969.

ӨОЖ 711.7

АЛТЫНСАРИННІҢ АДАМИ БОЛМЫСЫ

Сүйінкина Б. Б. – Қостанай педагогикалық колледжінің оқушысы.

Жабықбаева А. Х. – Қостанай қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебінің математика пәнінің мұғалімі.

Мақалада ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсариннің болмысы сөз болады. Ыбырай бойына тән қасиеттер оның замандастарының естеліктері, сондай-ақ ұлы ұстаз мұрасын зерттеушілердің еңбектеріндегі нақты суреттеулер арқылы ашылады. Ыбырай өз бойындағы ізгі қасиеттерін халыққа қызмет етуге арнады.

Тірек сөздер: ағартушы-педагог, адамгершілік, болмыс, ізгі қасиеттер, қарапайым, ақыл-ой.

1864 жылы 13 наурызда Ы.Алтынсарин ұстазы әрі досы Н.И. Ильминскийге: «Менің үнемі ұмтылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу еді. Ал қазір осыған қолым жетіп отырғанын ойласам, көңілім толық жұбаныш табады» деп жазады. Иә, Торғайда алғаш қазақ мектебінің ашылып, көңіл түпкіріндегі ізгі ниетінің жүзеге асқанына мерейі асып, зор қуанышқа бөленген жас жігіт Ыбырайды ұлт мүддесі жолында әлі де талай игі істер күтіп тұрған еді...

Ізгі ниеттің оянуына адам санасындағы сәулелі ойлар себепші болады, олардың жүзеге асуы жолында тынымсыз қарекет, еңбек, табандылық шешуші рөл атқарады деп санаймыз. Олай деуге себеп: ұлы ағартушы-педагог тындырған қыруар еңбек, риясыз қызмет ұлы тұлғаның ізгі ниетінен бастау алып, тамырын тереңге жайғанын мойындауымыз. Ал ізгі ниеттің оянуына, жоғарыда айтып өткеніміздей, адамгершілік қасиеттер, игі мақсат, міндеттер, ең бастысы адам баласына қызмет ету мұраты түрткі болмақ. Сөз басын осылайша өрбітудегі мақсатымыз- оқырман қауымға Ы.Алтынсариннің адами болмысын ашып көрсету.

Қазіргі кезеңнің көрнекті ыбырайтанушысы, ҚМПУ профессоры Серікбай Оспанұлы «Сөнбес шырақ» кітабында ұлы тұлғаға тән қасиеттерді барынша толық баяндап, замандастарының, шәкірттерінің, зерттеушілердің сөздерімен нанымды дәйектеп, жан-жақты ашып берген. Әсіресе, Ыбырайдың көзін көрген, қызмет барысында онымен бірнеше мәрте кездесіп, жақын таныған замандастарының естеліктерінен дәйектер келтіруі оқырманды елітері хақ. Мәселен, ол РСФСР-дің педагогика тарихы мен теориясы институтының аға ғылыми қызметкері болған, Ы.Алтынсарин туралы естелік қалдырған А.Ф.Эфировтің: «Ол (Алтынсарин) нұрлы ақыл, жылы жүрек, көп қырлы дарын иесі болды. Балғын шағынан бастап-ақ бар күш-жігерін, қажыр-қайратын туған халқына қызмет етуге арнады» деген сөздерін келтіріп, Ыбырай өз бойындағы ізгі қасиеттерін ұлтына қызмет етуге арнағанын аңғартады. [1, 14 бет]

Оларды оқи отырып, Ыбырай бабамыздың дараланып, адам сенгісіз кең ауқымды қызмет атқаруының бір ұшы оның осы адамгершілік қырының қалыңдығында жатқандығында болар деп топшылаймыз және бұл ойымыздың дұрыстығын да теріске шығара алмаймыз. Алтынсарин мұрасын, оны зерттеушілердің жазғандарын зерделей отырып, адам баласының бойындағы ізгі қасиеттердің молдығы оның қолға алған ісін де ілгерілетіп, алға бастыра беретініне көз жеткізу қиын емес секілді. Ақыл-оймен реттеліп отыратын адами қасиеттер адамзатқа қызмет етуге бағытталып, өзіне де, өзгелерге де пайдасын тигізе беретіні тәжірибеде дәлелденген.

Ыбырай бабамыздың болмысын тани түсу үшін, біз де өзімізше ізденіп, кейіпкерімізді кейіптейтін тың ақпарат табуды көздедік. Академик, белгілі әдебиеттанушы Қажым Жұмалиев кезінде ұлы ағартушы туралы ізденіп, кандидаттық диссертация қорғаған екен. Аталмыш ғалымның: «Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы десек, өзі қазақтың ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды» деген бір ауыз сөзінен Ыбырайдың адамзат баласының игілігі үшін қызмет еткен арда тұлға екеніне тағы бір мәрте көз жеткізесің. Адамзатқа қызмет етудің бастауы адам бойындағы ақыл-ойдың озықтығы мен ізгі қасиеттердердің молдығында екеніне иланасың [2, 251 бет]

Тұла бойы тұнған өнеге дерлік Ыбырай бабамыз тек өз шығармалары арқылы ғана емес, жеке басына тән қасиеттерімен де кім-кімді болсын баурап алады. Тау тұлғаны қай заманда да аласартпай, керісінше, асқақтатып тұрған оның өзіндік болмысындағы кішіпейілділік, қарапайымдылық, сыпайылық дер едік. Халық үшін, дүйім ел үшін адам нанғысыз қыруар істі бір өзі атқара жүрсе де, бір қалыптан ауытқымай, ешкімге міндетсімей, жасы үлкенге де, кішіге де, лауазымы жоғарыға да, қарапайым жандарға да бірдей қарап, адами қарым-қатынастың зор үлгісін көрсетіп кетті бабамыз. Сөзіміз дәйекті болуы үшін, алдымен Ыбыраймен етене араласқан замандастарының естеліктеріне үңіліп көрейік. Адамгершілік тек жеке адамдармен, әріптестермен қарым-қатынаста ғана емес, өмірдің сан түрлі жолдарында да айқындала түседі.

Ұлы педагогтің жаны таза, көңілі дархан, жаны жомарт адам болғанын айғақтайтын куәгерлер сөздерін келтірелік. Әріптесі Ф.Д. Соколов инспектор Алтынсарин туралы: «Алдына қай кезде қандай жұмыспен барсаң да, ол кісі шынайы тілектес болып, ақыл-кеңесін не көмегін аямайтын. Қазақ халқы оны аса құрмет тұтатын... Оның есігі жұрттың бәріне әрдайым ашық тұратын, қиыншылық кезеңдегі ақыл-кеңесін былай қойғанда, ол жоқшылыққа ұшыраған қазақтарға қарызға ақша беретін, ол үшін кейін өсім талап етпейтін, көп жағдайда қарызын да қайтарып алмайтын. Орыс қоныстанушылары да оны мейірімді әрі адал адам деп білетін» деп жазса, ұлы ұстаздың шәкірті әрі ізбасары Ғабдолғали Балғынбаев тәлімгері турасында: «...ол қашанда кішіпейілділік, қарапайымдылық танытатын, оған жұрт әртүрлі тілек-өтініштермен ағылып келіп жататын. Ыбырай өтініш білдірушілермен жылы сөйлесіп, мүмкін болғанынша арыздарын орындауға ұмтылатын» деп, оның парасаттылығын, адамдармен жылы қарым-қатынасын ашып көрсетеді. Әріптесі А.А. Мозохин басшысының мұғалімдерге шынайы жанашырлық танытып, қамқоршы бола білгендігін мына бір сөздерімен аңғартады: «Инспекторымыз небәрі 18 күннің ішінде мебель, оқулықтар, көрнекіліктер, – не керек, бастауыш мектепке қажетті дүниенің бәрін әкеліп үлгерді. Мені де ұмыт қалдырған жоқ: кереует, матрас, жастық, ыдыс-аяқ және т.б. ұсақ-түйек заттарды жеткізіп кетті».

Ыбырай жүрегінің жылылығы, жанының нәзіктігі, мейірімінің молдығы оның хаттарынан да айқын аңғарылады. Хат иесінің сөз қолданысы, адам сезіміне қозғау салып, жүрегін елжіретеді. Ол өз хаттарын «Аса қайырымды», «Аса мархабатты», «Ұлы мәртебелі, мархабатты досым», «Шапағатты төрем» сөздерімен бастап, «Сізді аса қадірлейтін және Сізге шын берілген Ы.Алтынсарин», «Сізді аса қадірлейтін», «Шын жүрегімен сыйлайтын», «Сіздің адал қызметшіңіз» секілді жылы сөздермен аяқтап отырған. Неткен сыпайылық, жоғары мәдениеттілік десеңізші! [3, 43 бет]

Адамның адамшылығы қиын-қыстау кезеңде айқын аңғарылады. Өмір болған соң, ауырталық та салмағын салып, қоғамның әлжуаз бөлігін тығырыққа тірейтін күндер туады. Осындайда кімнің кім екенін халық танып, біліп жатады. Сонау 1879-1880 жылдары Торғайды аштық пен жұт жайлағаны кейбір дереккөздерден мәлім. Мұндай қасіретке жаны күйзелген Алтынсарин «Оренбургский листок» газетіне бірнеше мәрте мақала жариялатқан көрінеді. Ол өзі бас болып, Торғай облысы басшыларының мұндай қиыншылықтан ада Қостанайдан азық-түлік жеткізулерін өтініп, көмек берулерін сұраған. Тіпті көктем шыға уезд бастығы Яковлевпен бірлесіп, кірпіштен орыс-қазақ училищесінің ғимаратын тұрғызуға жергілікті тұрғындарды жұмылдырған, сөйтіп, олардың азын-аулақ қаражат табуына, азық-түлік сатып алуларына септесін болған. Сондай-ақ кейін Ыбырайдың бастамасымен Торғай өзенінен балық аулау ұйымдастырылады, халықтың әл-ауқаты түзеле бастайды. Бұл жөнінде Ыбырайтанушы ғалым Ө.Дербісәлиннің: «Қазақ қоғамына үлкен дерт, ауыр қасірет әкелген осы бір қиын-қыстау жылдарда Ыбырай қазақ халқының ең жанашыр қамқоры болды» деп жазғаны бар.

Ы.Алтынсариннің туған халқына деген қамқорлығы, қайырымдылық әрекеті, ұлт мүддесін көк-сегені ақтық демі таусылғанша толастаған емес. Ол өзі дүниеден өтер шағында әулетіне тиесілі 500 десятина жерді Қостанайда ашылмақшы ауылшаруашылық мектебіне табыстайды, бұл – оның

халыққа жанашырлығын, ұлт мүддесіне адалдығын айқын көрсетіп тұр емес пе?!

Болмысы бөлек Ыбырай бабамыздың тұлғасы жайындағы аз-кем сөзімізді оның шәкірттерінің: «Алтынсариннің ісінен бүкіл халықтың сипатын, оның рухы мен ақылын, адамгершілігі мен мінез-құлқын, тұтас алғанда, оның барлық бейнесін көреміз» деген сөздерімен түйіндегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі

1. **Серікбай Оспанұлы.** Сөнбес шырақ. Қостанай, 2016, 14-бет.
2. **Қажым Жұмалиев.** Ы.Алтынсарин – педагог-жазушы. «Ыбырай Алтынсарин тағылымы» кітабынан. Алматы, 1991, 251-бет.
3. **Биалаш Сүйінкина.** Ы.Алтынсарин – кәсіптік білімнің негізін салушы. Қостанай, 2017. 43-бет.

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫСЫ

Сыздықова С. А. – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Мемлекеттік тілде оқытатын дарынды балаларға арналған «Зерде» мамандандырылған жалпы білім беру мектебі, Павлодар облысы, Екібастұз қаласы.

Бұл мақалада қазақ халқының мәдени, экономикалық жағынан дамуы жолында күресуші көшбасшы, тұңғыш қазақ педагогы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаушы, оқытушылықты аса шебер, өнерлі түрде қалыптастырушы тұлға екені айтылады.

Кілт сөздер: педагог, ағартушы, мектеп, қазақ, көшбасшы, ұстаз, балалар әдебиеті, оқу, мәдениет, жастар.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру – бүкіл дүниежүзіндегі педагог ғалымдардың ескі замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселелердің бірі десек, ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы тұңғыш қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин деп толық айта аламыз.

Қазақ халқының ұлттық мектебінің қалыптасуында, мәдени өркендеуінде өшпестей із қалдырып, тарих төрінен орын алған ардақты тұлғалардың бірі – Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына дәлме-дәл келіп отыр.

Белгілі академик-ғалым, әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиев былай дейді: «Ыбырай Алтынсариннің өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның шығармашылығының халықтық жағы десек,өзі қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушы болды» [1,4-бет].

Халық арасында «Ұстаздардың ұстазы» деген құрметті атаққа ие болған Ұлы тұлға Ыбырай Алтынсарин өз заманында екі түрлі ірі мәселені алдына мақсат етіп қойған: біріншісі – мектеп ашу, бала оқыту, жалпы халықты ағарту жұмысы болса, екіншісі – халықтың ой-санасын жаңалыққа қарай бейімдеу жолындағы тәрбиелік істері.Өзінің алғашқы қадамында-ақ ол мектептің рөлін бірінші орынға қойғанын көре аламыз. Оған филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, әдебиет зерттеушісі Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбегінде келтірілген мәлімет айқын дәлел. 1871 жылы 31тамызда Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралы – мектеп. Бірақ даладағы мектептер шашылыңқы, сондықтан әлі де пайда бола алмай отыр, әйтсе де олардың үміт күтері – мектеп, тек қана мектеп және қазақ халқының болашағы да мектептермен байланысты» – деді. [1,4.].

Ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсариннің білім беру жолындағы алғашқы қадамдарының бірі – 1879 жылы қазақ балалары үшін мектептер ашуды қолға алуы, ал екіншісі – орыс-қазақ мектептері үшін арнаулы оқу құралдарын қажет деп санауы.

Ең алдымен, ол облыс, уез орталықтарында училищелер ашуға шешім қабылдады. Содан кейін Елек, Қостанай, Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі сыныптық орыс-қазақ мектептерін ашты. Бұдан кейін болыстық бастауыш мектептер ашу ісін қолға алды. Ыбырай Алтынсариннің ұсынысымен 1888 жылы 10 сәуірде Орск қаласында қазақ бастауыш мектептеріне мұғалімдер даярлайтын мектеп ашылды. Оған Торғай, Ырғыз қалаларындағы орыс-қазақ училищелерін жақсы бітірген жастар алынды. Ы.Алтынсарин қазақ жастары арасынан экономика саласына мамандар әзірлеу ісіне мән беріп, қолөнер, ауылшаруашылығы училищелерін ашуға көп күш жұмсады. Торғай қолөнер училищесін ұйымдастырды.Ырғызда қазақ қыздары үшін жанында интернаты бар мектеп ашылды[4].